

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ- БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН  
ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ДЛЯ ПЕДАГОГОВ ПО  
ОРГАНИЗАЦИИ ВОСПИТАТЕЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО  
ПРОЦЕССА В РАЗНОВОЗРАСТНЫХ ГРУППАХ**

Астана 2026

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі*  
*Балаларды ерте дамыту институтының базасында әзірленген*

Түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2026. – 85 бет.

**Пікір берушілер:**

Жиенбаева С. Н., профессор, п.ғ.д.

Озганбаева К.Т., меңгеруші

Такирова С. К., әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін, режимдік сәттер мен түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру, тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың негізгі тәсілдері, тәрбие мен оқытудың нысандары мен құралдары, түрлі жас топтарында дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар қарастырылған.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2026 жылғы 25 мамырдағы № 6 хаттама).

Балаларды ерте дамыту институты, 2026 ж.

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Әдістемелік ұсынымдар түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Аталған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу қажеттілігі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың заманауи үрдістеріне, білім берудің вариативтік нысандарының кеңеюіне, сондай-ақ түрлі жас топтары бар мектепке дейінгі ұйымдар санының артуына байланысты. Қазіргі кезде мұндай топтар түрлі жастағы балаларды біріктіру қажеттілік болып табылатын мектепке дейінгі шағын орталықтарда, отбасылық бөбекжайларда, бөбекжай-бақшаларда ұйымдастырылады.

Түрлі жас топтары жас ерекшеліктері, физикалық даму деңгейі, сөйлеу, танымдық және әлеуметтік мүмкіндіктері бойынша ерекшеленетін балалармен бір мезгілде тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекше нысанын қамтиды. Бұл ерекшелік педагогтен кәсіби құзыреттілікті, тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыра білуді, тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз етуді, әрбір баланың толыққанды дамуына жағдай жасауды талап етеді.

Түрлі жас топтары мектепке дейінгі ұйымның құрамдас бөлігі ретінде тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарды айқындайтын және дамытушы ортаны құру үшін негіз болып табылатын Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР ОМ 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйырығы) (бұдан әрі-Стандарт) сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асырады.

Әдістемелік ұсынымдар Стандартқа, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйырығы) (бұдан әрі - Үлгілік жоспар) мен Үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйырығы) (бұдан әрі - Үлгілік бағдарлама) сәйкес әзірленді. Ұсынымдарда әрекетті ұйымдастыру ерекшеліктері, балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың негізгі тәсілдері, тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау, дамытушы ортаны ұйымдастыру, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру, күн тәртібі қамтылған.

Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметінде әдістемелік ұсынымдарды қолдану түрлі жас топтарының педагогтеріне мектепке дейінгі балалық шақтың бірегейлігі мен құндылығын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

## ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ӘРЕКЕТ ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектепке дейінгі ұйымдарда түрлі жас топтарының әрекеті Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларымен (ҚР ОМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) реттеледі.

Үлгілік қағидаларға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен вариативтілігін қамтамасыз ету, қауіпсіз және жайлы білім беру жағдайларын жасау үшін мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері құрылады. Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі жас тобы болып табылады, топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жасақталады.

Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы:

1. топта жас ерекшелігі екі түрлі (1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) балалар болған жағдайда – 15 баладан артық емес;

2. топта жас ерекшелігі үш түрлі (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар, 5 жастағы балалар) балалар болған жағдайда – 20 баладан артық емес.

Балаларды топқа қабылдау бос орындар болған жағдайда күнтізбелік жыл бойы жүргізіледі және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы бекіткен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Топтың күн тәртібі Мектепке дейінгі ұйымның жарғысымен және Ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен анықталады.

Түрлі жас топтарының жұмысын ұйымдастыру:

- белгіленген күн тәртібін сақтауды;
- балалардың қауіпсіз болуы үшін жағдайларды қамтамасыз етуді;
- тамақтану, ұйқы, серуен және санитарлық-гигиеналық шараларды ұйымдастыруды;
- түрлі жастағы балалардың бейімделуіне жағдай жасауды;
- үй-жайлар мен ойын жабдықтарын тиімді пайдалануды;
- топтың жас ерекшелігін ескере отырып, педагог пен тәрбиеші көмекшісінің міндеттерін бөлуді қамтиды.

Түрлі жас топтарында әрекет түрлерін ұйымдастыру түрлі жастағы балалардың физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін ескеретін бірыңғай икемді жүйені құруды көздейді. Мұндай жұмысты ұйымдастыру тәрбиеленушілердің жайлы және қауіпсіз болуы үшін жағдайлармен қамтамасыз етуге, олардың сәтті бейімделуіне және топта қолайлы эмоционалды ахуалдың қалыптасуына ықпал етеді.

Түрлі жас топтарында жұмысты ұйымдастыру барысында балалардың жас ерекшеліктері, ұйқыға жатқызу, тамақтану, қимыл белсенділігі және дербестік деңгейіндегі айырмашылықтар ескерілуі қажет. Кіші жастағы балалар үшін неғұрлым ұзақ демалысты, ересектердің тарапынан көңіл бөлуді және ойын мен қимылдар жасау үшін қауіпсіз кеңістікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау, ересек жастағы балаларды неғұрлым дербес әрекет түрлеріне және шамасы

келетін тапсырмаларды орындауға тарту ұсынылады.

Күн тәртібі балалардың барлық жас санаттары үшін белсенділік пен демалыс кезеңдерінің тиімді ауысуын қамтамасыз ететіндей ұйымдастырылуы қажет. Қажет болған жағдайда ұйқыны, тамақтануды, серуен мен гигиеналық шараларды ұйымдастыруда икемді тәсіл қолданылады.

Қауіпсіз дамытушы орта құруға ерекше назар аудару, топ бөлмелерін тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жиһазбен, ойын жабдықтарымен және материалдармен жарақтандыру ұсынылады. Жабдықтарды орналастыру балалардың еркін қозғалуы, жарақаттануды болдырмау және педагогтер тарапынан тұрақты бақылауды қамтамасыз ету ескеріліп ұйымдастырылуы қажет.

Түрлі жас топтарында әрекет түрлерін ұйымдастыруда педагог топта балалардың әрекеттеріне жалпы басшылықты, күн тәртібінің сақталуын бақылауды, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруды, балаларды күтіп-бағу мен қарауды қамтамасыз етеді.

Түрлі жас топтарындағы балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастырудың маңызы зор. Түрлі жастағы тәрбиеленушілердің бір топта бірге болуы қарым-қатынас жасау, өзара көмек көрсету дағдыларын, бір - біріне құрметпен қарауды және әлеуметтік бейімделуді дамытуға ықпал етеді. Ересек жастағы балалар тұрмыстық жағдайларда кішілерге көмек көрсете алады, бұл дербестік пен жауапкершілікті қалыптастыруға септігін тигізеді.

Топтың жұмысын ұйымдастыру сондай-ақ тәрбиеленушілердің ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) тұрақты өзара іс-қимылды көздейді. Ата-аналарға топтың күн тәртібі, топта балалардың болуы үшін жағдайлар, бейімделу ерекшеліктері және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы туралы ақпарат берілуі қажет.

Осылайша, түрлі жас топтарында әрекет түрлі жастағы балаларды қарау, күтіп-бағу, олардың қауіпсіз және жайлы болуы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін бірыңғай тәрбиелеу-білім беру кеңістігін құруға бағытталады.

## **ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ**

Мектепке дейінгі ұйымның түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру келесі тәсілдерді іске асыруды көздейді:

- *саралау*, балалардың жас ерекшеліктерін, даму деңгейін, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың әрекетін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Түрлі жас топтарында балалар жастары шамалас және аралас шағын топтарға біріктіріледі, бұл педагогке тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес әрекеттің мазмұнын, әдістері мен нысандарын таңдауға мүмкіндік береді;

- *жеке*, әрбір баланың жеке тұлғасын, оның қабілеттерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытуға бағытталған. Тәрбиелеу мен

оқытуды ұйымдастыруда балалардың жеке ерекшеліктері: даму қарқыны, дербестік танытуы, эмоционалдық жағдайы, мінез-құлық және қарым-қатынас жасау ерекшеліктері ескеріледі. Бұл тәсілді тәрбиелеу-білім беру процесінің барлық қатысушылары – педагогтер, психологтар, ата – аналар жүзеге асырады;

- *ойын*, балалардың танымдық белсенділігін, қиялы мен ойлауын, сөйлеуін және дербестігін дамытуға ықпал ететін негізгі әдіс ретінде ойынды қолдануды көздейді;

- *денсаулық сақтау*, балалардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған. Топта балалардың қауіпсіз және жайлы болуы үшін жағдайлар жасалады, санитарлық-гигиеналық талаптар, тиімді күн тәртібі сақталады, серуен, қимыл белсенділігі, шынықтыру шаралары және толыққанды демалыс ұйымдастырылады, балалардың шамадан тыс шаршауының алдын алуға ерекше назар аударылады;

- *инновациялық*, баланың дамуын бақылауға, сондай-ақ топтағы әрекеттің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін инновациялық педагогикалық технологияларды, бақылау және мониторинг әдістерін қолдануға бағытталады;

- *құзыреттілік*, балалардың жастарына сәйкес дағдыларды қалыптастыруға бағытталған;

- *гендерлік*, дамытушы ортаны ұйымдастыру, ойыншықтарды, материалдар мен әрекет түрлерін таңдау барысында қыздар мен ұлдардың жеке ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етеді;

- *серіктестік*, педагогтердің, балалар мен ата-аналардың ынтымақтастығына негізделеді.

Түрлі жас топтарында тәрбиелеу – білім беру процесін жоспарлау: балаларға түсетін жүктеменің оңтайлы сақталуы, кіріктіру, тәрбие мен оқытудың сабақтастығы қағидағтарына негізделеді, әрбір келесі кезеңде біліктер мен дағдыларды бекіту, кеңейту және тереңдету жалғасады.

## **ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ- БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың белгілі бір қиындықтарымен қатар, маңызды педагогикалық әлеуеті де бар. Бір жағынан, педагог бірнеше жас санатындағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту міндеттерін бір мезгілде шешуі, сараланған тәсілді жүзеге асыруы, зейінін, уақыты мен әрекет түрлерін тиімді бөлуі қажет. Екінші жағынан, түрлі жастағы балалардың бір топта бірге болуы оларды әлеуметтенуге, ынтымақтастық, өзара көмек көрсету, жауапкершілік және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды.

Бірлескен әрекет барысында кіші жастағы балалар ересек құрдастарына еліктеуге, мінез-құлық нормаларын, сөйлеу үлгілерін, ойын әрекеттерін және өзара әрекет ету тәсілдерін жылдам меңгеруге мүмкіндік алады. Ересек жастағы тәрбиеленушілер қамқорлық жасау, көшбасшылық ету, дербестік таныту және жауапкершілікті сезіну тәжірибесіне ие болады. Мұндай өзара әрекет ету

ынтымақтастықты, эмоционалды әл-ауқат пен өзара сыйластықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастырудың маңызды шарты балалардың әрекетін ұтымды жоспарлау болып табылады. Педагог:

- барлық жас топтарындағы бағдарламалық міндеттерді, күтілетін нәтижелерді білуі;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жас және психологиялық-педагогикалық негіздеріне сәйкес балалар әрекетінің мазмұны мен нысандарын қарастыруы;

- қойылған мақсат пен міндеттерге, күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін оңтайлы құралдар мен әдістерді таңдауы;

- балаларды тек жас ерекшеліктеріне ғана емес, сонымен қатар басқа да сапалық көрсеткіштері: жеке мүмкіндіктері, даму деңгейі бойынша шағын топтарға бөлуі;

- педагогикалық бақылауды жүзеге асыру, әрбір баланың қиындықтары мен жетістіктерін түсінуі және көре білуі қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлі жас топтары тәрбиелеу-білім беру процесін Стандартқа, Үлгілік жоспар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырады. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді және тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасын құрады. Түрлі жас топтарында жоспарлау балалардың жас ерекшеліктерін, түрлі жастағы балалардың бірлескен әрекетін кіріктіру және ұйымдастыру қағидатын ескере отырып құрылады. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда:

- топтың жас ерекшелік құрамын;

- балалардың жеке ерекшеліктерін;

- мазмұнның сабақтастығын;

- әрекет түрлерін кезектестіруді;

- бірлескен және дербес әрекетті үйлестіруді;

- балалардың өзара бір-бірінен үйренуіне жағдай жасауды ескеру маңызды.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру ұйымдастырылған іс-әрекет пен балалардың дербес әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған іс – әрекет – күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы. Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлауда балалар әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі нысандарының, әдістері мен тәсілдерінің вариативтілігі мен қолданылуы ескерілу қажет. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне, ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттауға, музыкамен ырғақты қимылдарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді. Түрлі жас

топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін:

- кіші жастағы балалар әрекетке кешірек қосылып және (немесе) оны ертерек аяқтайтыны;

- ересек жастағы балалар әрекетке ынталандырылуы кіші жастағы балаларға қарағанда өзгеше болатыны;

- дербес (бір шағын топ) және бірлескен (педагогпен бірлесіп ұйымдастырылған) әрекеттің бір мезгілде ұйымдастырылуы ескерілуі қажет.

Тәрбиеші оқу жылының басында балалардың жастарын көрсете отырып, шағын топтар бойынша балалардың тізімін жасауы қажет. Мұндай жұмыс балаларды шағын топтарға бөлуге ықпал етеді. Топтарды балалардың жас ерекшеліктерін барынша ескеру және тәрбиелеу-білім беру процесін саралау қағидатына негізделетін жастары аралас және шамалас балалардан жасақтаған жөн.

Тәрбиелеу-білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесіне (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады. Педагог барлық топпен, шағын топпен және жеке жұмыс түрлерін үйлестіріп, ойын, коммуникативтік, зерттеу және практикаға бағытталған оқыту әдістерін қолдануы керек. Балалардың дербес әрекетін ұйымдастыруға ерекше назар аудару, өйткені еркін қарым-қатынас барысында олардың сөйлеуі, қарым-қатынас дағдылары, шығармашылық әрекетте бастама танытуы және әлеуметтік тәжірибесі белсенді дамиды.

Түрлі жастағы және даму деңгейі әртүрлі балалар үшін материалдар мен құрал-жабдықтардың қолжетімділігін қамтамасыз ететін дамытушы ортаны ұйымдастыру түрлі жас топтарында ерекше маңызды. Орта қауіпсіз, өзгермелі, мазмұны бай болуы, тәрбиеленушілердің дербестік, бастамашылдық пен танымдық белсенділік танытуына ықпал етуі тиіс.

Балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін бақылау үшін балалардың жастарына сәйкес мониторинг жүргізіледі.

Түрлі жас топтарында түрлі жастағы балалар тәрбиеленуімен байланысты педагог Үлгілік бағдарлама мазмұнын білуі, бағдарламалық талаптарды балалардың жас және жеке ерекшеліктерімен сәйкестендіруі, зейінін дұрыс бөлуі, әрбір баланы және топты толықтай көруі және түсінуі, олардың мүмкіндіктеріне сәйкес дамуын қамтамасыз етуі қажет.

## **ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ НЫСАНДАРЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ**

Түрлі жас топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастырудың фронтальды (жаппай), топтық және жеке нысандарын қолдану ұсынылады. Бұл нысандардың әрқайсысының балаларды тәрбиелеу мен оқытуда өзіндік ерекшеліктері, міндеттері мен маңызы бар. Оларды дұрыс үйлестіру педагогке тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін, даму деңгейін, қызығушылықтары мен

кабілеттерін ескеруге, сондай-ақ тұлғаның жан -жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың *фронтальды (жаппай) нысаны* педагогтің топтағы барлық балалармен бір мезгілде жұмыс жүргізуін көздейді. Мұндай нысанда барлық тәрбиеленушілер ортақ әрекетке қатысады: педагогтің айтқанын тыңдайды, бақылайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды немесе ұжымдық әңгімеге қатысады. Түрлі жас топтарында фронтальды жұмыс жасау ерекше маңызға ие, өйткені ол түрлі жастағы балаларды бір ұжымға біріктіруге және өзара ынтымақтастықты қалыптастыруға көмектеседі.

Фронтальды (жаппай) әрекетті ұйымдастыру барысында педагог барлық балаларға түсінікті жалпы тақырыпты таңдай алады, бірақ тапсырмалар баланың жас ерекшелігі мен мүмкіндіктеріне қарай күрделілігі бойынша ерекшеленуі мүмкін. Мысалы, «Жыл мезгілдері» тақырыбы бойынша кіші жастағы балалар күздің немесе қыстың белгілерін атай алады, ал ересек жастағы балалар маусымдық өзгерістердің себептерін түсіндіріп, әңгімелер құрастырып, қорытынды жасай алады. Мұндай тәсіл әрбір балаға ортақ әрекетке қатысуға және өзін табысты сезінуге мүмкіндік береді.

Фронтальды жұмыс нысаны зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, тыңдай білуді дамытуға және ұжымда тәртіп ережелерін сақтауға ықпал етеді. Ол балаларды топқа тиесілі екенін сезінуге, өзара әрекет етуге және өзгелердің пікірін құрметтеуге үйретеді. Сонымен қатар, ортақ жұмыс барысында ересек жастағы балалар кішілерге үлгі болады: олар тапсырмаларды дұрыс орындауды көрсетеді, әрекеттерді орындауға көмектеседі және кіші жастағы тәрбиеленушілерге қолдау көрсетеді.

Алайда, түрлі жас топтарында фронтальды нысан педагогтен ерекше шеберлікті талап етеді. Тәрбиеші әрекет түрлерін түрлі жастағы балалар үшін қызықты және түсінікті болатындай етіп ұйымдастыруы қажет. Ол үшін балалардың жеке мүмкіндіктері ескеріліп, көрнекі материалдар, ойын әдістерін, әртүрлі сұрақтар мен тапсырмаларды қолдану ұсынылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың *топтық нысаны* балаларды шағын топтарға бөлуді көздейді. Түрлі жас топтарында шағын топтар балалардың жастарына, дайындық деңгейіне, қызығушылықтарына немесе әрекеттердің сипатына қарай жасақталуы мүмкін. Осындай жұмыс нысаны балалардың даму ерекшеліктері ескерілуі тиіс: «Сауат ашу негіздері», «Тіл дамыту», «Математика негіздері» және басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуде өте маңызды.

Топтық жұмыс барысында педагог бір мезгілде әртүрлі әрекеттерді ұйымдастыра алады. Мысалы, бір шағын топ әрбиешімен бірге жаңа тақырыпты зерделеумен айналысса, ал екінші шағын топ өзбетінше тапсырмаларды орындайды, ойнайды немесе шығармашылық әрекетпен айналыса алады. Бұл уақытты тиімді пайдалануға және балалардың әрбір санатына көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Топтық әрекет оқытуда саралау тәсілін жүзеге асыруға көмектеседі. Педагог балалардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейіне сәйкес күрделілігі

эртүрлі тапсырмаларды таңдай алады. Кіші жастағы балаларға неғұрлым қарапайым тапсырмаларды орындау, ал ересек жастағы балаларға дербестік пен ақыл-ой белсенділігін қажет ететін күрделі тапсырмаларды орындау ұсынылады. Осындай жұмыстың нәтижесінде әрбір бала өз мүмкіндіктеріне сәйкес дамиды.

Топтық нысанның коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда маңызы зор. Балалар бірлесіп әрекет етуге, келісуге, міндеттерді бөлісуге және бір-біріне көмектесуді үйренеді. Түрлі жастағы шағын топтарда ересек жастағы тәрбиеленушілер көбінесе педагогтің көмекшісі бола алады: кіші жастағы балаларға тапсырмаларды түсіндіреді, әрекетті орындау тәсілдерін көрсетеді және әрекет барысында қолдау көрсетеді. Бұл жауапкершілікті, шыдамдылық пен көшбасшылық қасиеттерді дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, топтық нысан әрбір баланың тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді қатысуына жағдай жасайды. Шағын топта балаларға бастамашылдық таныту, сұрақтар қою және өз пікірлерін айту оңай болады. Әрекетті осылай ұйымдастыру ұялшақтықты еңсеруге көмектеседі және өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың *жеке нысаны* педагогтің бір баламен жұмыс жүргізуін көздейді. Түрлі жас топтарында жеке жұмыс жүргізу ерекше маңызды, өйткені балалар тек жастарымен ғана емес, сонымен қатар білім деңгейімен, даму қарқынымен, қызығушылықтарымен және қабілеттерімен ерекшеленеді. Кейбір балалар жаңаны тез қабылдайды және әрекетке қатысады, ал басқа балалар қосымша түсіндіру мен қолдауды қажет етеді. Жеке жұмыс әрбір тәрбиеленушінің ерекшеліктерін ескеруге және оның толыққанды дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Жеке жұмыс барысында педагог тілінің дамуында, құрдастарымен қарым-қатынас жасауда, тапсырмаларды орындауда қиындықты сезінетін балаларға көмек көрсете алады. Мысалы, педагог бір баламен сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамытумен жеке айналысады, ұсақ моториканы, логикалық ойлауды дамытады, оның жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып тапсырмаларды таңдайды. Сонымен қатар, жеке жұмыс белгілі бір әрекет түріне ерекше қызығушылық танытатын балалардың қабілеттері мен дарынын дамыту үшін қолданылады.

Жеке жұмыстың баланың эмоционалдық дамуы үшін маңызы зор. Педагогпен жеке қарым-қатынас жасау сенімді қарым-қатынас орнатуға, баланың өз күшіне сенімділігін және жаңаны тануға ынтасын арттыруға көмектеседі. Бұл әсіресе ұялшақ, мазасыз немесе өзіне сенімсіздік танытатын балалар үшін маңызды.

Жеке жұмыс ұйымдастырылған іс-әрекет және күнделікті әрекет барысында: ойын мен серуенде, бақылау мен шығармашылық әрекетте немесе режимдік сәттерде жүргізілуі мүмкін. Педагог баланың қызығушылықтарын, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеріп тапсырмаларды таңдауы қажет. Мұндай тәсіл баланың сәтті дамуына, танымдық әрекетке қызығушылықты, өз күшіне деген сенімділікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін

ұйымдастырудың фронтальды (жаппай), топтық және жеке нысандары бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырып отырады. Оларды сауатты үйлестіру педагогке балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге, әрбір баланы тәрбиелеуге, білім беруге және әлеуметтендіруге жайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Жұмыстың әртүрлі нысандарын қолдану тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескеруге, олардың танымдық белсенділігін, дербестігін, коммуникативтік дағдыларын және ұжымда өзара әрекет ету қабілетін дамытуға көмектеседі.

Мектепке дейінгі ұйымның түрлі жас топтарында тәрбие мен оқытудың негізгі құралдары: ойын, қарым-қатынас, дамытушы орта, көрнекі, техникалық және цифрлық құралдар, көркем әдебиет, бақылау, эксперимент жасау және басқалар. Тәрбие мен оқытудың құралдары балалардың жас және жеке ерекшеліктерін, кіші және ересек жастағы балалардың бірлескен әрекетін ұйымдастыру қажеттілігін ескере отырып таңдалады. Олар әрбір баланың дамуын қамтамасыз етуі, түрлі жастағы балалардың ынтымақтастығына жағдай жасауы және олардың әлеуметтенуін, танымдық және физикалық белсенділігін қолдауы тиіс.

## **ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ДАМЫТУШЫ ОРТА ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Түрлі жас топтарында дамытушы орта балалардың толыққанды дамуының, олардың әлеуметтенуінің және Үлгілік бағдарлама мазмұнын табысты меңгеруінің маңызды шарты болып табылады. Мұндай ортада тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктері ескеріліп, олардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі, танымдық белсенділігі ынталандырылуы, дербес және бірлескен әрекетке жағдай жасаулы тиіс.

Дамытушы ортаны ұйымдастырудың негізгі талабы – оның вариативтілігі мен икемділігі. Түрлі жас топтарында түрлі жастағы балалар болатындықтан кеңістікті әрбір бала өзіне лайықты әрекет түрін таңдай алуына мүмкіндік беретіндей орталықтарға бөлу ұсынылады. Ойын, танымдық, қимыл, шығармашылық әрекеттеріне және балалардың оңаша болуына орын бөлу маңызды. Мұндағы құрал-жабдықтар мен материалдар барлық жастағы балалар үшін қолжетімді және қауіпсіз болуы тиіс.

Дамытушы ортаға бірқатар жалпы талаптар қойылады. Ең алдымен, бұл қауіпсіздік – дамытушы ортаның барлық элементтері санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес болуы, берік, мықты орналастырылуы және балаларға қауіп төндіретін үшкір, өткір бұрыштарының, ұсақ бөлшектердің болмауы тиіс. Материалдардың экологиялық табиғи болуы және олардың жағдайын үнемі бақылауға ерекше назар аудару қажет. Сондай-ақ балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы міндетті болып табылады: материалдар, ойындар мен құрал-жабдықтар кіші және ересек жастағы балалардың даму деңгейін ескере отырып таңдалуы керек. Қолжетімділік маңызды талаптардың бірі болып табылады – бала ойыншықтарды, құралдарды өзбетінше алып,

оларды әрекетте қолдана алуы қажет. Сонымен қатар, дамытушы орта эстетикалық тұрғыдан тартымды болуы тиіс, өйткені әдемі безендірілу балалардың талғамы мен балабақшаға жағымды эмоционалды көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Дамытушы ортаның жабдықталуына ерекше назар аудару ұсынылады. Топта ойын, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, эксперимент жасау, тіл дамыту және математика негіздері үшін әртүрлі материалдар болуы қажет. Алайда, артық заттардың болуына жол берілмеуі – барлық материалдар, құрал-жабдықтар жүйелі қолданылуы, балаларға түсінікті және олардың мүмкіндіктеріне сәйкес болуы керек. Дамытушы орта күрделілігі бойынша көп деңгейлі болуы тиіс. Бұл топта әртүрлі деңгейдегі материалдар мен тапсырмалар: қарапайым – кіші жастағы балаларға, ал неғұрлым күрделі – ересек жастағы балаларға бір мезгілде ұсынылатындығын білдіреді. Мысалы, құрастыру орталығында кіші жастағы балаларға арналған ірі бөлшектер және ересек жастағы балаларға арналған күрделі жиынтықтар болуы мүмкін. Бұл әрбір балаға өзінің мүмкіндіктері шегінде әрекет етуге және біртіндеп дамуына мүмкіндік береді.

Трансформациялау (өзгерту) қағидаты маңызды талаптардың бірі болып табылады. Топтың кеңістігі тәрбиелеу-білім беру міндеттері мен балалардың қызығушылықтарына сәйкес өзгертіліп отыруы тиіс. Жиһаз бен ойын модульдерін жеке және топтық әрекеттерді тез ұйымдастыра алатындай етіп қолдану ұсынылады.

Дамытушы орта балалардың дербестігін қамтамасыз етуі қажет. Барлық материалдар мен құралдар бала өзбетінше алып, ойындар мен түрлі әрекеттерде қолданып болғаннан кейін, орнына қою үшін қолжетімді биіктікте орналастырылуы қажет. Бұл жауапкершілікті, бастамашылдық таныту және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Кеңістікті ұйымдастыруда балалардың түрлі жас ерекшеліктеріне сәйкес жиһаздарды таңдау ерекше рөл атқарады. Түрлі жас топтарында кіші және ересек жастағы балалардың әрекетті орындау барысында дұрыс отыруын және жайлылығын қамтамасыз ететін биіктіктігі әртүрлі үстелдер мен орындықтар қолданылады. Жиһаздар балаға физикалық күш түсірмей, ыңғайлы отыра алатындай реттелетін немесе баланың бойына сәйкес таңдалуы тиіс. Үстел басында отырып жұмыс істеген кезде бала шынтағын үстел бетіне еркін қойып отыруы, қолдары мен аяқтары тізе мен шынтак буындарында тік (шамамен 90°) бүгілуін қадағалау қажет. Осылай үстел басында дұрыс отыру қалпы дене сымбатының дұрыс қалыптасуына ықпал етіп, омыртқаға түсетін жүктемені азайтады және баланың тез шаршауының алдын алады. Кіші жастағы балалар үшін төмен және ашық сөрелер қарастырылуы, ал ересек жастағы балалар үшін күрделірек әрі жабдықтары көбірек болуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмсақ модульдердің, кілемдердің және демалыс бұрыштарының болуы маңызды.

Түрлі жас топтарында кіріктіру қағидатын ескеру маңызды: ойнауға арналған кеңістік пен қызығушылық орталықтары бір мезгілде сөйлеуді, танымдық қабілетті, көркем-эстетикалық қабылдауды, физикалық қасиеттерді

және әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамытуға ықпал етуі тиіс. Мысалы, сюжетті-рөлдік ойындар математика, сөйлеу және әлеуметтік өзара әрекет ету элементтерін қамтуы мүмкін.

Сонымен қатар, түрлі жас топтарында дамытушы ортаны ұйымдастырудың маңызды талаптарының бірі – ортаның вариативтілігі, яғни (өзгермелі) балаларға ойын кеңістігін олардың қызығушылықтары мен ойын мақсатына сәйкес өзгертуге және толықтыруға мүмкіндік беретін әртүрлі материалдар мен белсенділік орталықтарының болуы. Мысалы, «Ас үй» ойын бұрышын балалар тек үй асханасы ретінде ғана пайдаланып қоймай, оны дәмхана, мейрамхана, дүкен, наубайхана немесе асханаға айналдырып, рөлдерді бөлісіп, ойын мазмұнын өзгерте алады. Бұл балалардың қиялын, сөйлеуін, коммуникативтік дағдылары мен дербестігін дамытуға ықпал етеді. Көпатқарымдылық қағидасы бір құрал-жабдықтарды түрлі әрекеттерде қолдануды көздейді. Мысалы, жұмсақ модульдер құрылыс материалы немесе кедергілер жолағының элементтері, сюжеттік-рөлдік ойындарға арналған жиһаз немесе демалуға және қарым-қатынас жасауға арналған орын ретінде қолданылуы мүмкін.

Дамытушы ортаның ашықтығы қағидаты тәрбиелеу-білім беру міндеттері мен балалардың қызығушылықтарына сәйкес оны өзгерту, толықтыру және жаңарту мүмкіндігін білдіреді. Мысалы, жыл мезгіліне, аптаның тақырыбына немесе балалардың қызығушылықтарына сәйкес тәрбиеші топ бөлмесінің безендірілуін өзгертіп, жаңа ойындар, кітаптар, табиғи материалдар, сюжеттік-рөлдік ойындар мен шығармашылық әрекетке арналған атрибуттармен толықтыра алады. «Мамандықтар» тақырыбын зерделеуде топ бөлмесінде аурухана мен шаштараз немесе шеберханада ойнауға арналған атрибуттар, ал «Ғарыш» тақырыбын өткенде ғаламшарлардың макеттері, иллюстрациялар және зымыран құрастыруға арналған конструкторлар қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар, дараландыру қағидаты маңызды болып табылады. Тәрбиеші әрбір баланың қызығушылықтарын, даму деңгейі мен қажеттіліктерін ескеруі тиіс. Балалар өз мүмкіндіктеріне сәйкес тапсырмаларды таңдауы және біртіндеп неғұрлым күрделі әрекет түрлерін орындауы үшін топта әртүрлі материалдар болуы қажет.

Дамытушы орта түрлі жастағы балалардың қарым-қатынас жасауына ықпал етуі тиіс. Ересек жастағы балалар кіші жастағы балаларға көмектесе алады, бұл олардың жауапкершілігі мен көшбасшылық қасиеттерін дамытады, ал кіші жастағы балалар ересек жастағы балаларға еліктеп, олардан үйрену арқылы жаңа дағдыларды меңгереді.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымның түрлі жас топтарында сауатты ұйымдастырылған дамытушы орта, дұрыс таңдалған жиһаз бен барлық санитарлық және педагогикалық талаптарды сақтау баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

## **ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА РЕЖИМДІК СӘТТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Түрлі жас топтарында режимдік сәттерді ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар және педагогтен икемді тәсілді, балалардың жас және жеке мүмкіндіктерін ескеруді талап етеді. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауға, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруға, дербестікті, коммуникативтік дағдылар мен жағымды эмоционалды көңіл-күйді дамытуға ықпал етеді. Режимдік сәттерді ұйымдастыру – тамақтану, жуыну, киіну және шешіну, ұйқыға дайындық, серуен – түрлі жас топтарында тәрбиешіден шеберлікті, нақты әрекеттерді және барлық қызметкерлердің үйлесімді жұмысын талап етеді. Физикалық жайлылықты ғана емес, сонымен қатар балалардың, әсіресе кіші жастағы балалардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сабырлы және мейірімді орта құру маңызды. Ересектердің әрбір балаға мұқият қарауы жарақаттанудың, шаршаудың, жанжалды жағдайлардың және эмоционалды шиеленістің алдын алуға ықпал етеді. Шектеулі уақыт ішінде режимдік сәттерді ұйымдастыру барысында балаларға жылдам және дұрыс қызмет көрсету, тамақтандыру, киіндіру, демалысты ұйымдастырумен қатар, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мәдени-гигиеналық және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын, дербестікті қалыптастыруды қамтамасыз ету қажет.

Баланың дұрыс дамуы күн тәртібін сақтау нәтижесінде қамтамасыз етіледі. Күн тәртібі Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына №2 қосымша негізінде жасалады Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы, «Күн тәртібінің үлгісі» бағаны. Мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібі педагогикалық кеңесте бекітіледі. Күн тәртібін сақтау балалардың денсаулығын сақтауға, шамадан тыс шаршаудың алдын алуға, сырқаттану деңгейін төмендетуге және тәрбиеленушілердің қауіпсіз өмір сүруіне жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Екі аралас жастағы (2-3 жас) балалар бар түрлі жас топтарында күн тәртібіндегі әрекет түрлері екі жас аралығындағы шағын топ бойынша ұйымдастырылады. Мұндай тәсіл балалардың жас ерекшеліктерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының даму деңгейін, қимыл белсенділігін және демалуға қажеттілігін ескеруге мүмкіндік береді. Шағын топтармен саралау жұмысын жүргізу тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыруға және балалардың топта қауіпсіз болуына жағдайлар жасауға көмектеседі.

Үш түрлі жастағы (3, 4, 5 жас) балаларға арналған жалпы күн тәртібін анықтауда ересек топтың (бес жастағы балалар) күн тәртібі негізге алынады және қалған балалардың ерекшеліктері ескеріледі. Сонымен қатар, режимдік сәттердің ұзақтығына, демалыс уақытына, қимыл белсенділігіне және тәрбиелеу-білім беру процесіне өзгерістер енгізіледі. Аралас жастағы балалардан жасақталған топтар педагог тарапынан ерекше назар аударуды талап етеді, өйткені топтағы барлық балаларға жайлы жағдайлар жасауда белгілі бір қиындықтар туындайды.

Бұл қиындықтар мынадай қажеттіліктерге:

- инфекциялық ауруларға әртүрлі бейімділікті, өзіне-өзі қызмет көрсету және гигиеналық дағдылардың қалыптасу деңгейін, ұйқы мен әрекетке

қажеттілікті ескеруге;

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қауіпсіз кеңістікті ұйымдастыруға;

- балалардың бойлары мен мүмкіндіктеріне сәйкес жиһаздарды, ойыншықтар мен құрал-жабдықтарды таңдауға;

- оңтайлы ауа-жылу режимін сақтауға;

- түрлі жастағы балалардың бірлескен әрекетінде жарақаттану жағдайларының алдын алуға байланысты.

Режимдік сәттерді ұйымдастыруды кіші жастағы балалардан бастау, біртіндеп ересек жастағы балаларды қосу, ал ұйқыдан алдымен ересек жастағы балаларды ояту ұсынылады. Мұндай ұйымдастыру тәртіпті сақтауға, қарбаласты азайтуға, шамадан тыс шаршаудың алдын алуға және топта сабырлы ахуал қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбиеленушілерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор: қозғалыс кезінде ұқыптылықты, тамақтану кезінде тәртіпті сақтау, заттарды қолданғанда сақ болу және бір-біріне құрметпен қарау.

Балаларды таңертең қабылдауды ұйымдастыруға ерекше назар аудару ұсынылады. Тәрбиешінің мейірімді атмосфераны қалыптастыруы, әрбір баланың эмоционалды жайлылығын қолдауы, оның көңіл-күйі мен денсаулық жағдайын ескеруі маңызды. Күні бойы санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, балалардың қимыл белсенділігін бақылау, демалыс пен тамақтануды уақтылы ұйымдастыру қажет.

Тамақтануға, серуенге, күндізгі ұйқыға және басқа режимдік сәттерге дайындық кезінде педагог ойын әдістерін, көркем сөздерді және әрекеттерді көрсетуді қолдана алады. Бұл күнделікті режимдік сәттерді қызықты өткізуге көмектеседі және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Түрлі жастағы балаларды бірге тәрбиелеудің жағымды жақтары да бар. Кіші және ересек жастағы балалардың үнемі қарым-қатынаста болуы достық қарым-қатынасты, қамқорлық көрсетуді, жауапкершілік пен дербестікті қалыптастыруға ықпал етеді. Ересек жастағы балалар кішілерге киінуге көмектеседі, режимдік сәттер кезінде оларды ертіп жүреді, мінез-құлық ережелерін түсіндіреді, оң үлгі көрсетеді. Мұндай өзара әрекет балалардың әлеуметтік бейімделуіне және олардың ұжымда қауіпсіз қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Түрлі жас топтарында күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру түрлі жастағы балалардың денсаулығын сақтауға, толыққанды дамытуға және сәтті тәрбиелеуге ықпал етеді.

#### *Серуенді ұйымдастыру*

Түрлі жас топтарында серуен күн тәртібінің маңызды бөлігі болып табылады және балалардың денсаулығын нығайтуда, қимыл белсенділігін арттыруда, жан-жақты дамуы мен эмоционалды саулығын қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады. Серуенді дұрыс ұйымдастыру ағзаны шынықтыруға, шамадан тыс шаршаудың алдын алуға, дербестікті, коммуникативтік дағдыларды дамытуға және қоршаған ортада қауіпсіз мінез-құлықтың

қалыптасуына ықпал етеді, сонымен қатар түрлі жастағы балалардың жас ерекшеліктерін, физикалық даму деңгейін, қимыл белсенділігі мен қызығушылықтарын ескеру қажет.

Серуендеуге дайындық балаларды киіндіруді ұйымдастырудан басталады. Тәрбиеші бірізділік қағидасын сақтайды: алдымен кіші жастағы балаларға, содан кейін ересек жастағы балаларға киінуге көмектеседі. Балалардың киімдері ауа-райы жағдайлары мен жыл мезгіліне сәйкес болуы, қимылдарын шектемеуі және серуен кезінде жайлылықты қамтамасыз етуі тиіс. Далаға шығар алдында тәрбиеші серуендеу аумағының жағдайын, ойын жабдықтарының жарамдылығын, қауіпті заттардың және тайғақ жердің жоқ екенін тексеруге міндетті.

Серуенде әрекет түрлерін тиімді кезектестіру маңызды: бақылау, қимылды ойындар, еңбек әрекеті, дербес ойындар және баяу қимылды ойындар. Кіші жастағы балалар үшін қарапайым және қысқа ойындар таңдалады, ал ересек жастағы балаларға дербестікті және қимыл белсенділігін көбірек талап ететін тапсырмалар ұсынылады. Бірлескен әрекетті ұйымдастыруда тәрбиеші әрбір баланың мүмкіндіктерін ескеруі, шамадан тыс шаршау мен жанжал жағдайларының алдын алуы қажет.

Балалардың қимыл белсенділігін ұйымдастырудың маңызы зор. Қимылды ойындар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін, денсаулық және ауа-райы жағдайларын ескере отырып өткізіледі. Тәрбиеші ойын ережелерінің сақталуын қадағалайды, физикалық жүктемені бақылайды және қимылдар жасауда, ойында қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Қыс мезгілінде балалардың тоңып қалмауының алдын алуға және қимылдар жасау тәртібін сақтауға, ал жылы мезгілде – ысып кетудің алдын алу және жеткілікті мөлшерде су ішуді қамтамасыз етуге назар аудару қажет. Тәрбиеші балалардың жағдайын үнемі бақылап, қажет болған жағдайда олардың белсенділігін арттырады.

#### *Таңертеңгі жаттығу*

Таңертеңгі жаттығу күн тәртібіндегі дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының міндетті бөлігі болып табылады. Бұл балалардың денсаулығын нығайтуға көмектеседі, түнгі ұйқыдан кейін ағзаның белсенділігін арттырады, жүйке жүйесіндегі тежелуді жояды, негізгі бұлшық ет топтарын жаттықтырады, дене сымбатының дұрыс қалыптасуына ықпал етеді және баланың ағзасын күні бойы физикалық және және ой еңбегіне дайындауға ықпал етеді. Түрлі жас топтарында таңертеңгі жаттығуды ұйымдастыру тәрбиешіден балалардың жас ерекшеліктерін, физикалық даму деңгейін және балалардың денсаулық жағдайын ескеруді талап етеді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, физикалық жүктемені дұрыс бөлуге және жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет.

Таңертеңгі жаттығудың алдында педагог қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасауы: бөлмені желдету, балалар киімдерінің температуралық режимге сәйкестігін және қимылдарды орындауда ыңғайлы болуын бақылау, балалардың еркін қозғалуы, қашықтықты сақтауы және жаттығуларды қауіпсіз орындауы үшін кеңістікті ұйымдастыру маңызды.

Таңертеңгі жаттығудың ұзақтығы, жүктеменің қарқындылығы, жаттығулар мен оларды қайталау саны балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы қажет. Кіші жастағы балалар жаттығуларды ересек жастағы балаларға қарағанда баяу қарқынмен орындайды және аз қайталайды. Ересек жастағы балалардың қимылдарды орындау сапасына, дәлдігіне және үйлесімділігіне неғұрлым жоғары талаптар қойылады. Мұнда саралау тәсілін қолдану маңызды: кіші жастағы балаларға қимылдарды орындау үлгісін көрсете отырып, алдымен ересек жастағы балаларға жаттығуларды орындау ұсынылады, содан кейін жаттығуды топтағы барлық балалар бірге орындайды. Кейбір жағдайларда жаттығу кешеніне тек ересек жастағы балаларға арналған күрделі жаттығулар енгізілуі мүмкін, бұл кезде кіші жастағы балалар жаттығулардың орындалуын бақылайды немесе демалады. Бұл балалардың жас ерекшеліктерін ескеруге және шамадан тыс шаршаудың алдын алуға мүмкіндік береді.

Таңертеңгі жаттығу кешені әдетте әртүрлі қимылдарды қамтиды: жүру, жүгіру, қол мен иық белдеуіне, кеуде мен аяққа арналған жаттығулар, тепе-теңдік сақтауға арналған жаттығулар және тыныс алу жаттығулары. Балалардың қызығушылығын қолдау үшін музыкалық сүйемелдеуді, құрал-жабдықтарды, ойын тәсілдерін, тақпақтарды және еліктеу сипатындағы жаттығуларды қолдану ұсынылады.

Түрлі жас топтарының педагогтері жаттығуларды таңдау және таңертеңгі жаттығуды ұйымдастыру кезінде балалардың жас құрамы мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жалпы әдістемелік талаптарды басшылыққа алуы қажет.

#### *Жуынуды ұйымдастыру*

Жуыну балалардың денсаулығын нығайтуға, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруға, дербестік пен ұқыптылыққа тәрбиелеуге бағытталған режимдік сәттердің маңызды бөлігі. Жуыну режимдік процесі біртіндеп ұйымдастырылады, ең алдымен, кіші жастағы балаларға ересек балалар дұрыс әрекеттерді көрсете алады, тәртіпті сақтауға көмектеседі.

Жуыну кезінде тәрбиеші балаларға әрекеттерді дұрыс орындау ретін үйретеді: жеңдерін түру, суды ұқыпты пайдалану, қолды сабындау, қолды тазалап жуу, жеке орамалды қолдану. Балалардың қызығушылықтарын қолдау және гигиеналық шараларға оң көзқарасты қалыптастыру үшін педагог көркем сөздерді, ойын тәсілдерін, өлеңдерді қолдана алады.

#### *Тамақтануды ұйымдастыру*

Түрлі жас топтарында тамақтануды ұйымдастыру күн тәртібінің маңызды бөлігі болып табылады және балалардың денсаулығын сақтауға, толыққанды физикалық қасиеттерін дамытуды қамтамасыз етуге, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруға және үстел басында мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеуге бағытталған.

Дұрыс ұйымдастырылған тамақтану балалар ағзасының физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жұмыс істеу қабілетін арттыруға, аурулардың алдын алуға және балаларда салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыруға ықпал етеді. Түрлі жас топтарында тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының қалыптасу деңгейін,

әрбір баланың тамақтану қарқынын және жеке қажеттіліктерін ескеруі қажет.

Тамақтануды ұйымдастыру қызметкерлерден нақты, бірізді және үйлесімді әрекеттерді талап етеді. Сабырлы, мейірімді және қауіпсіз жағдай жасауға ерекше назар аудару қажет. Тамақтану кезінде асығыстыққа, айқай-шу мен қарбаласқа жол берілмеуі тиіс.

Тамақтануға дайындық жуынуды ұйымдастырудан және жағымды көңіл-күйді қалыптастырудан басталалуы тиіс. Түрлі жас топтарында режимдік сәттер біртіндеп ұйымдастырылады: алдымен үстел басына отырғызу, ас ішу құралдарын қолдану және тамақтану кезінде көмекті қажет ететін кіші жастағы балаларға көңіл бөлу қажет, содан кейін ересек балалар назар аудару. Ересек балаларды үлгі етудің маңызы зор, олар үстел басында дұрыс отыру тәртібін көрсетіп, ұқыптылықты, дербестікті және әдеп ережелерін сақтай алады. Түрлі жас топтарында балалардың тамақтану қарқынының әртүрлі екенін ескеру қажет. Кіші жастағы балаларға ересектер тарапынан көбірек уақыт бөлу мен көмек қажет, ал ересек жастағы балалар өзбетінше тамақтана алады. Тамақтану барысында тәрбиеші балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастырады: қасықты, майлықты дұрыс қолдана білу, ұқыпты тамақтану, тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту, тазалық пен тәртіпті сақтау. Түрлі жастағы балалардың дербестігін дамытуға ерекше назар аудару ұсынылады.

Тамақтануды ұйымдастыра отырып, педагог санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауға және тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Үстел басына ас ішу құралдарын қоюды, балалардың бойына жиһаздың сәйкестігін, ұсынылатын тағамдардың ыстық болмауын және балалардың үстел басында дұрыс отыруын бақылау маңызды. Тәрбиеші балалардың асықпай тамақтануын, аузына тамақ салып алып, сөйлемейтін және ас ішу құралдарын сақтықпен қолдануын бақылауы қажет.

Тамақтануға оң көзқарас қалыптастыру үшін тәрбиешінің сабырлы дауыспен сөйлеуі, ынталандыруды, көркем сөздерді және ойын тәсілдерін қолдануы қажет. Балаларда тамақ дайындаған ересектердің еңбегіне құрметпен қарауды қалыптастыру және тамақтану мәдениетіне баулу маңызды.

#### *Күндізгі ұйқыны ұйымдастыру*

Күндізгі ұйқы кезінде толыққанды демалыс жүйке жүйесінің жұмысын қалпына келтіруге, шаршауды азайтуға, иммунитетті нығайтуға, баланың физикалық және психикалық үйлесімді дамуына ықпал етеді. Күндізгі ұйқы әсіресе тез шаршайтын және ұзақ демалысты қажет ететін кіші жастағы балалар үшін өте маңызды.

Түрлі жас топтарында күндізгі ұйқыны ұйымдастыру тәрбиешіден тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескеруді, нақты және бірізді әрекеттерді талап етеді. Педагог балалардың тез ұйықтауына және толыққанды демалуына ықпал ететін тыныш, қауіпсіз және эмоционалды жайлы жағдайлар жасауы керек.

Ұйқыға дайындық алдын ала басталады. Тәрбиеші неғұрлым сабырлы, баяу қимылды әрекет түрлерін ұйымдастыруы, балалардың қимыл белсенділігін төмендетіп, жағымды ахуал орнатуға септігін тигізеді. Күндізгі ұйқыға жатқызудың алдында гигиеналық шаралар міндетті түрде өткізіледі:

дәретханаға бару, жуыну, киімді ұқыпты бүктеу. Ұйқыға дайындық барысында балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ұқыптылық және ұйымшылдық қалыптасады.

Түрлі жас топтарында режимдік сәттерді ұйымдастырудың ретіне назар аудару қажет. Алдымен кіші жастағы балалар ұйқыға жатуға дайындалады, өйткені олар шешінуге және киімдерін бүктеп қоюға көп уақытты қажет етеді. Ересек жастағы балалар осы уақытта сабырлы дербес әрекетпен айналыса алады. Қажет болған жағдайда ересек балалар кішілерге қолдан келгенше көмек көрсетеді, бұл қамқорлық көрсету мен жауапкершілікке тәрбиелеуге ықпал етеді.

Тәрбиеші санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалайды: бөлме алдын-ала желдетілуі, қалыпты температуралық режим сақталуы, төсек-орынның тазалығы қамтамасыз етілуі тиіс. Кереуеттер, жиһаздар мен жабдықтар балалардың жасына және бойына сәйкес болуын, ал тәрбиеленушілерді орналастыруда қауіпсіздікті және әрбір баланың жанына педагогтің еркін бара алуын қамтамасыз етілуі қажет.

Балаларды ұйқыға жатқызу кезінде тәрбиешінің сабырлы дауыспен сөйлеуі, көркем сөздерді, қысқа шығармаларды оқуы, баяу музыканы немесе бесік жырын қолдануына болады. Бұл жағымды эмоционалды көңіл-күй тудыруға және балалардың тез ұйықтауына әсер етеді.

Педагогке күндізгі ұйқы кезінде балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аудару ұсынылады. Тәрбиеленушілердің жағдайын үнемі бақылап отыру, ықтимал жарақат алу жағдайларының алдын алу қажет. Тәрбиеші балалардың жеке ерекшеліктерін, денсаулық жағдайын және медицина қызметкерлерінің ұсыныстарын ескеруге міндетті.

Күндізгі ұйқыдан тұру біртіндеп ұйымдастырылады. Әдетте, кіші жастағы балалардың демалуына кедергі келтірмеу үшін алдымен ересек жастағы балаларды ұйқыдан тұрғызу қажет. Оянғаннан кейін балаларға белсенді әрекетке ауысуға уақыт беріледі, ұйқыдан кейін шынықтыру және гигиеналық шаралар өткізіледі, жаттығулар жасалады, бұл ағзаны белсенді әрекетке дайындауға және эмоционалды көңіл-күй тудыруға ықпал етеді.

## **ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ОЙЫН ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Ойын әрекеті мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекеті және оларды тәрбиелеудің, оқыту мен дамытудың негізгі құралы болып табылады. Ойында бала қоршаған әлемді таниды, құрдастарымен қарым-қатынас жасауды үйренеді, сөйлеуі мен ойлауы, қиялы, қимыл белсенділігі және эмоционалды саласы дамиды. Түрлі жас топтарында ойын ерекше құндылыққа ие болады, өйткені ол түрлі жастағы балалардың шынайы қарым-қатынас жасауына, өзара көмек көрсетуіне, жауапкершілік пен достық қарым-қатынасты қалыптастыруға жағдай жасайды.

Түрлі жас топтарында ойын әрекетін ұйымдастыру тәрбиешіден балалардың жас ерекшеліктерін, даму деңгейін, қызығушылықтары мен жеке

мүмкіндіктерін ескеруді талап етеді. Педагог тәрбиеленушілердің бастамашылдық танытуын және шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал ететін қауіпсіз, мазмұнды және эмоционалды жайлы ойын ортасын ұйымдастыруы тиіс.

Ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдауға назар аудару ұсынылады. Ойын материалдары балалардың жастарына сәйкес, қауіпсіз, тартымды болуы және балалардың өзбетінше қолдануы үшін қолжетімді жерде орналастырылуы қажет. Топта ойын аймақтарын бөлу: сюжетті-рөлдік ойындар, құрылыс ойындары, театрландырылған әрекет, үстел үсті және дидактикалық ойындар.

Түрлі жас топтарында әртүрлі жастағы балалардың бірлескен ойындарын ұйымдастыру маңызды шарт болып табылады. Ересек жастағы балалар кіші жастағы балаларға ойын әрекеттерін меңгеруге көмектеседі, ережелерді түсіндіреді, мінез-құлық үлгілерін көрсетеді. Кіші жастағы балалар ересек балаларды бақылай отырып, қарым-қатынас нормаларын, ойын дағдыларын және ұжымдағы мінез-құлық ережелерін жылдам меңгереді.

[https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie\\_razrabotki/2022/mr\\_29092022.pdf](https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/mr_29092022.pdf).

#### *Сюжетті-рөлдік ойындар*

Сюжетті-рөлдік ойындар балаларға қоршаған өмір туралы алған әсерлерін көрсетуге көмектеседі, сөйлеуді, қиялды және коммуникативтік дағдыларды дамытады.

Түрлі жас топтарында: «Отбасы», «Саяхат», «Аурухана», «Дүкен», «Балабақша», «Шаштараз», «Дәмхана» ойындарын ойнау тиімді, мысалы, «Отбасы» ойынында ересек жастағы балалар рөлдерді бөліседі, сюжетті ұйымдастырады, ал кіші жастағы балалар ересектердің әрекеттеріне еліктейді: қуыршақтарды ұйқыға жатқызады, тамақтандырады, олармен бірге қыдырады немесе «Аурухана» ойынында ересек жастағы балалар дәрігер мен медбикенің, тіркеушінің рөлін, ал кіші жастағы балалар пациенттердің (сырқаттардың) рөлін атқара алады. Ересек жастағы балалар кіші жастағы балаларға ойын сюжетіне қосылуға көмектеседі, ойын әрекеттерін ұсынады, ойын атрибуттарын қолдануға үйретеді.

#### *Дидактикалық ойындар*

Дидактикалық және үстел үсті ойындары балалардың ойлауын, сөйлеуі мен зейінін, есте сақтауын және сенсорлық қабілеттерін дамыту үшін қолданылады. Түрлі жас топтарында мынадай ойындарды өткізу ұсынылады: «Ғажайып қоржын», «Бірдей заттарды тап», «Не өзгерді?», «Бір сөзбен ата», «Суретті жинастыр», «Лото», «Домино», «Төртінші артық» және басқалар, мысалы, «Ғажайып қоржын» ойынында кіші жастағы балалар заттарды ұстап, сипап-сезу арқылы анықтайды, ал ересек балалар олардың қасиеттері мен атқаратын міндеттерін сипаттай алады. «Не өзгерді?» ойында кіші жастағы балалар жеке заттарды атайды, ал ересек балалар өзгерістерді толық сөйлемдермен түсіндіре алады. Ересек жастағы балалар кіші жастағы балаларға ойын ережелерін түсінуге көмектеседі, тапсырмаларды түсіндіреді және әрекетке қызығушылықты қолдайды.

### *Қимылды ойындар*

Қимылды ойындар балалардың денсаулығын нығайтуға, қимылдарды үйлестіруге, ептілік пен төзімділікті дамытуға ықпал етеді. Бірлескен ойындар үшін: «Күннің көзі мен жаңбыр», «Поезд», «Тақия тастамақ», «Киіз үй», «Сиқырлы таяқ», «Аюдың апаны» және басқа ойындарды қолдану қолайлы, «Поезд» ойынында ересек жастағы балалар кіші жастағы балаларға қозғалыс ережелерін сақтауға, кеңістікте бағдарлауға және тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге көмектеседі. «Күннің көзі мен жаңбыр» ойынында кіші жастағы балалар белгі бойынша қарапайым әрекеттерді орындайды, ал ересек балалар ойынды ұйымдастырады және қимылдардың дұрыс орындалуын көрсетеді. Қимылды ойындарды ұйымдастырған кезде тәрбиеші балалардың қауіпсіздігін, қашықтықты сақтауды және жарақат алу қаупін болдырмауды міндетті түрде қадағалайды.

*Құрылыс ойындары* немесе құрастыру орталығында ойындарды ұйымдастыру

Құрылыс ойындары ойлау мен қиялды, ұсақ моториканы және бірлесіп әрекет етуді дамытады. Балаларға: үй, гараж, көпір, жол, қала, ферма, хайуанаттар бағын салуды ұсынуға болады. Ересек жастағы балалар әдетте неғұрлым күрделі ғимараттарды салады, кіші жастағы балаларға бөлшектерді таңдауға көмектеседі, конструкторларды біріктіру тәсілдерін түсіндіреді. Мысалы, «Қала» салу кезінде ересек жастағы балалар ғимараттар мен жолдарды салады, ал кіші жастағы балаларға машиналар мен ағаштарды және адамдардың фигураларын орналастыруға болады.

### *Театрландырылған ойындар*

Театрландырылған ойындар эмоционалды көңіл-күйді көтереді, балалардың сөйлеуін, есте сақтауын және шығармашылық қабілетін дамытады. Бірлескен әрекет үшін ертегілерді сахналау ұсынылады: «Бір үзім нан», «Арыстан мен тышқан», «Түлкі мен әтеш», «Қарлығаш пен дәуіт», «Түлкі мен тырна» және басқалар.

Ересек жастағы балалар мәтінді айта отырып, күрделі рөлдерді орындайды, ал кіші жастағы балалар қарапайым әрекеттерге қатысады, жеке сөздер мен қимылдарды қайталайды. Театрландырылған ойындар балаларға ұялшақтықты еңсеруге және өзіне деген сенімділікті дамытуға көмектеседі.

### *Еркін ойынды ұйымдастыру*

Түрлі жас топтарында балалардың еркін ойын әрекеті маңызды орын алады. Еркін ойында балалар бастамашылдық, шығармашылық танытады, бір-бірімен қарым-қатынас жасауды, алған білімдері мен өмірлік тәжірибелерін қолдануды үйренеді. Түрлі жас топтарында еркін ойын ерекше маңызға ие болады, өйткені ол түрлі жастағы балалар арасында қарым-қатынас жасау, өзара көмек көрсету дағдыларын, жауапкершілік пен ынтымақтастықты қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбиеші ойындарды еркін таңдауға жағдай жасайды, балалардың бастамасын қолдайды және қажет болған жағдайда ойын сюжетін дамытуға көмектеседі. Тәрбиеші еркін ойын әрекеті барысында ұйымдастырушы және бақылаушы рөлін атқарады. Педагог ойынға жағдай жасауы, қиындықтар туындаған кезде балаларға көмектесуі, тәрбиеленушілер

арасындағы қарым-қатынасты реттеуі және жанжалды жағдайлардың алдын алуы тиіс. Бұл жағдайда балалардың дербестігін сақтай отырып, қажет болмаса ойынға араласпау маңызды. Ойын барысында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше назар аудару қажет.

Тәрбиеші балалардың:

- ойыншықтар мен құрал-жабдықтарды ұқыпты қолдануын, оларды бөлісуін;

- мінез-құлық ережелерін, кезекті сақтауын;

- жарақаттануға қауіпті жағдайлар тудырмауын;

- бір-біріне құрметпен қарауын бақылауы тиіс.

Түрлі жас топтарында еркін ойын әрекеті балалар арасында оң қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді. Ересек жастағы балалар қамқорлық, шыдамдылық пен жауапкершілік танытуды үйренеді, ал кіші жастағы балалар ұжымда қарым-қатынас жасау, өзіне-өзі қызмет көрсету және мінез-құлық дағдыларын меңгереді.

Ойындарға балалардың қызығушылығын қолдау үшін тәрбиешіге ойын материалдарын жаңартып отыру, жаңа атрибуттар қолдану, ойынға жағдай жасау және дамытушы ортаны толықтыру ұсынылады.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Мектепке дейінгі ұйымның түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру заманауи мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңызды бағыты болып табылады. Ол педагогтен кәсіби құзыреттілік деңгейінің жоғары болуын, Үлгілік оқу бағдарламасындағы барлық жас топтарының мазмұнын білуді, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруді және әрбір баланың жас, жеке және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруды талап етеді.

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың заманауи үрдістері баланың қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, қауіпсіз, дамытушы және эмоционалды жайлы білім беру ортасын құруға бағытталған. Түрлі жас топтарында жеке тұлғаға бағытталған тәсіл, дербестікті, бастамашылық танытуды, коммуникативтік дағдылар мен балалардың әлеуметте өзара әрекет етуін дамыту ерекше маңызға ие.

Түрлі жас топтарында тәрбие мен оқытудың мақсаты мен міндеттерін іске асыру түрлі балалар әрекетін ұйымдастыруда саралау тәсілі арқылы жүзеге асырылады. Педагог топтың жас ерекшеліктерін, тәрбиеленушілердің даму деңгейін, олардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, жұмыс нысандарын, әдістері мен әдістерін таңдайды. Бұл ретте мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік құқықтық талаптарды сақтау, сондай-ақ материалдық-техникалық ресурстарды және дамытушы ортаны тиімді қолдану маңызды шарт болып табылады.

Түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін қазіргі заманға сәйкес ұйымдастыру балаларда негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған: қарым-қатынас жасай білу, бірлесіп әрекет ету, шешім қабылдау, бастамашылық және шығармашылық белсенділік таныту. Өзара көмек көрсету, жауапкершілік пен мейірімділікті, бір-біріне құрметпен қарауды қалыптастыруға ықпал ететін түрлі жастағы балалардың бірлескен әрекеті ерекше маңызға ие болады.

Қазіргі жағдайда балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың физикалық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, салауатты өмір салты мен қауіпсіз мінез-құлық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру мәселелеріне назар аударылуда. Режимдік сәттерді, ойын, танымдық және дербес әрекетті ұйымдастыру әрбір баланың денсаулығын сақтау және эмоционалды жай-күйін қолдау принциптерін ескере отырып құрылуы тиіс

Түрлі жас топтарында жұмысты тиімді ұйымдастыру көбінесе педагогтің кәсіби шеберлігіне, оның балалардың әрекетін икемді ұйымдастыруына, ұжымдағы жағымды эмоционалды жағдайды сақтауына және әрбір тәрбиеленушінің толыққанды дамуына жағдай жасауына байланысты. Балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелерінде балабақша мен ата-аналар тарапынан қойылатын талаптардың бірлігін қамтамасыз ететін отбасымен ынтымақтастық маңызды рөл атқарады.

Түрлі жас топтарында сауатты ұйымдастырылған тәрбиелеу-білім беру процесі балалардың сәтті әлеуметтенуіне, олардың жеке қасиеттерін, танымдық белсенділігін, дербестігі мен коммуникативтік дағдыларын

дамытуға ықпал етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары (Үлгі)

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) \_\_\_\_\_

Топ: «\*\*\*\*\*» аралас тобы

Балалардың жасы: 3, 4, 5 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): 2026 жылдың мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттері
Мамыр	Дене тәрбиесі	<p><b><u>3 жастағы балалар:</u></b>  <b>Негізгі қимылдар:</b>  таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>  отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау.  <b>Қимылды ойындар:</b>  қимылды ойындарды ойнату.  <b>Дербес қимыл белсенділігі:</b>  қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.  <b>Спорттық жаттығулар:</b>  велосипед тебу.  <b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру:</b>  үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану.  <b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:</b>  киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.  <b>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру:</b>  дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.  <b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b>  тыныс алу жаттығуларын жасау.  <b><u>4 жастағы балалар:</u></b>  <b>Негізгі қимылдар:</b></p>

		<p>екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу, оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу, оңға, солға бұрылу.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b> ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру:</b> салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</b> тамақтану әдебін сақтау.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:</b> киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаюды. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> <p><b><u>5 жастағы балалар:</u></b></p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> жұбымен шеңбер бойымен жүру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өзбетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.</p> <p><b>Спорттық ойындар:</b></p>
--	--	---

		<p>хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b>  ұлттық қимылды ойындарды ойнату.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b>  велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру:</b>  балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</b>  қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b>  дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
	<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b><u>3 жастағы балалар:</u></b></p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>  дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды меңгерту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылықты ояту.</p> <p><b><u>4 жастағы балалар:</u></b></p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>  фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p>

		<p>етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету(отыр, жүр, жүгір).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p> <p><b>5 жастағы балалар:</b> <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті:</b> сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p><b>3 жастағы балалар:</b> ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p><b>4 жастағы балалар:</b> тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p> <p><b>5 жастағы балалар:</b> сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p>
	<b>Сауат ашу негіздер</b>	<p><b>5 жастағы балалар:</b> жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап,</p>

	Қазақ тілі	<p>сызықтарды үзбей салу.</p> <p><b><u>3 жастағы балалар:</u></b>  <b>Тілдік дамытушы орта:</b>  балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>  қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.</p> <p><b><u>4 жастағы балалар:</u></b>  <b>Тілдік дамытушы орта:</b>  сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>  артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p><b><u>5 жастағы балалар:</u></b>  <b>Тілдік дамытушы орта:</b>  көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p>
--	------------	--

		<p>сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).  <b>Сөздік қор:</b>  балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p>
	<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b><u>3 жастағы балалар:</u></b>  <b>Сан:</b>  заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру.  <b>Шама:</b>  салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту.  <b>Геометриялық пішіндер:</b>  балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.  <b>Кеңістікте бағдарлау:</b>  өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол.  <b>Уақытты бағдарлау:</b>  қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке.  <b><u>4 жастағы балалар:</u></b>  <b>Жиын:</b>  балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту.  <b>Сан, санау:</b>  реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.  5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.  <b>Шама:</b>  заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p>

		<p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b> геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойыншатен) дамыту.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b> кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p><b><u>5 жастағы балалар:</u></b></p> <p><b>Жиын:</b> жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p><b>Сан, санау:</b> заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p> <p><b>Шама:</b> беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b> 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b> қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>
	<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p><b><u>3 жастағы балалар:</u></b></p> <p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.</p> <p><b>Заттық әлем:</b> заттардың атқаратын қызметтерін түсіндіру, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгерту.</p> <p><b>Көлік және байланыс құралдары:</b> жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p>

		<p><b>Еңбекке баулу:</b> бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</b> жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі:</b> бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау.</p> <p><b>Жануарлар әлемі:</b> табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:</b> ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p><b><u>4 жастағы балалар:</u></b></p> <p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p> <p><b>Заттық әлем:</b> адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары:</b> көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b> өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</b> жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.</p> <p><b>Жолда жүру ережелері:</b> балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p><b>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары:</b> Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі:</b> бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
--	--	--

		<p><b>Жануарлар әлемі:</b> қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p><b><u>5 жастағы балалар:</u></b> <b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.</p> <p><b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау:</b> жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары:</b> ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b> шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</b> Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.</p> <p><b>Жол қозғалысы ережелері:</b> «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру:</b> адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі:</b> өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.</p> <p><b>Жануарлар әлемі:</b> табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p>
	Сурет салу	<p><b><u>3 жастағы балалар:</u></b> құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p> <p><b><u>4 жастағы балалар:</u></b> қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p> <p><b><u>5 жастағы балалар:</u></b></p>

		ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
	<b>Мүсіндеу</b>	<p><b><u>3 жастағы балалар:</u></b> мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.</p> <p><b><u>4 жастағы балалар:</u></b> мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.</p> <p><b><u>5 жастағы балалар:</u></b> ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.</p>
	<b>Жапсыру</b>	<p><b><u>3 жастағы балалар:</u></b> геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.</p> <p><b><u>4 жастағы балалар:</u></b> элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.</p> <p><b><u>5 жастағы балалар:</u></b> қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
	<b>Құрастыру</b>	<p><b><u>3 жастағы балалар:</u></b> құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.</p> <p><b><u>4 жастағы балалар:</u></b> <b>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру:</b> өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру:</b> «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:</b> табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыруды үйрету.</p> <p><b><u>5 жастағы балалар:</u></b> табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p>
	<b>Музыка</b>	<p><b><u>3 жастағы балалар:</u></b> <b>Музыка тыңдау:</b></p>

		<p>балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p> <p><b>Ән айту:</b> ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> <p><b><u>4 жастағы балалар:</u></b></p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p><b>Ән айту:</b> әнді мәнгерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіруді жасату.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p> <p><b>Билер:</b> музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындауды дамыту.</p> <p><b><u>5 жастағы балалар:</u></b></p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.</p> <p><b>Ән айту:</b> әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> <p><b>Билер:</b></p>
--	--	---

	<p>балаларға «Қаражорға» биін билету.</p> <p><b>Би шығармашылығы:</b> музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
--	--

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы (Үлгі)

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) \_\_\_\_\_

Топ: «\*\*\*\*» аралас тобы

Балалардың жасы: 3, 4, 5 жастағы балаларҚандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 2026 жылдың мамыр айы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Топқа кірген балаларды жеке, жылы қарсы алу. Әр баланы есік алдында атымен атап қарсы алу: «Қайырлы таң!», «Бүгін көңіл күйің қалай?» және т.б. Баланың көңіл-күйіне назар аудару ( <i>тіл дамыту, музыка</i> ).				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен қысқа, әрі жеке әңгімелесу. Баланың көңіл күйі мен денсаулығы туралы ақпарат алу, байланыс орнату. Тақырыптық кеңес: «Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді үйрету»				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	<p><b>3 жастағы балалармен:</b> <b>Ойын әрекеті:</b> «Көңілді тіл» айнаның көмегімен жасалатын артикуляциялық жаттығуы (<i>тіл дамыту, музыка, қоршаған әлеммен таныстыру</i>)</p> <p><b>4 жастағы балалармен:</b> <b>Танымдық әрекет:</b> «Заттар әлеміне саяхат» (<i>тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру,</i></p>	<p><b>3 жастағы балалармен:</b> <b>Қимылды ойын:</b> «Аю қалай жүреді?» (<i>дене тәрбиесі, көркем әдебиет, тіл дамыту, музыка</i>)</p> <p><b>4 жастағы балалармен:</b> <b>Сюжетті-рөлдік ойын:</b> «Зергер» (<i>мүсіндеу, құрастыру, тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру</i>)</p> <p><b>5 жастағы балалармен:</b> <b>Танымдық әрекет:</b> «Бүгін</p>	<p><b>3 жастағы балалармен:</b> <b>Қимылды ойын:</b>«Қай дыбыс?»</p> <p>П-п-п – алақанмен жеңіл шапалақ; Б-б-б – барабан соғу; С-с-с – жылан болып ирелендеу; Ж-ж-ж – ара сияқты ызыңдау; Ш-ш-ш – тыныштық белгісі (<i>дене тәрбиесі, тіл дамыту</i>)</p> <p><b>4 жастағы балалармен:</b> <b>Сюжетті-рөлдік ойын:</b> «Эколог» (<i>математикаа негіздері, тіл дамыту, қоршаған әлеммен</i></p>	<p><b>3 жастағы балалармен:</b> <b>Шығармашылық әрекет:</b> «Үй жануарлары» (<i>сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</i>)</p> <p><b>4 жастағы балалармен:</b> <b>Зерттеу әрекеті:</b> «Не өзгерді?» (<i>қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту</i>)</p> <p><b>5 жастағы балалармен:</b> <b>Сюжетті-рөлдік ойын:</b> «Телеарна» (<i>тіл дамыту, математика негіздері,</i></p>	<p><b>3 жастағы балалармен:</b> <b>Ойын әрекеті:</b> «Жұбын тап» (<i>математика негіздері, тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру</i>)</p> <p><b>4 жастағы балалармен:</b> <b>Сюжетті-рөлдік ойын:</b> «Инженер» (<i>тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру, мүсіндеу, қазақ тілі</i>)</p> <p><b>5 жастағы балалармен:</b> <b>Зерттеу әрекеті:</b> «Кім</p>

	<p>математика негіздері)  <b>5 жастағы балалармен:</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын:</b> «Құрылысшы» (математика негіздері, тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)  <b>3 жастағы балалармен:</b>  <b>Шығармашылық әрекет:</b> «Табиғат ғажайыптары» (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</p>	<p>- кеше - ертең» (математика негіздері, тіл дамыту)  <b>4,5 жастағы балалармен:</b>  <b>Зерттеу әрекеті:</b> «Неге бұлай болды?» (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, қазақ тілі)</p>	<p>таныстыру, қазақ тілі)  <b>5 жастағы балалармен:</b>  <b>Шығармашылық әрекет:</b> «Менің қалам» (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)  <b>3, 4, 5 жастағы балалармен:</b>  <b>Еңбек әрекеті:</b> «Біз ұқыпты баламыз» (қоршаған әлеммен таныстыру, музыка)</p>	<p>қазақ тілі)  <b>3 жастағы балалармен:</b>  <b>Тетрландырылған ойын:</b> «Қоян мен түлкі» (тіл дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>екенін тап» (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, математика негіздері)</p>
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<b>Әр жас ерекшелік бойынша:</b> Мамыр айына арналған ертеңгілік жаттығулар кешені (дене тәрбиесі, музыка, математика негіздері)				
<b>Таңғы ас</b>	<p><b>5 жастағы балалармен:</b>  <b>Еңбек әрекеті:</b> Кезекшілік ұйымдастыру          Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану. Тамақтану әдебін сақтау. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру)  <b>3, 4 жастағы балалармен:</b>          Бата беруді ұйымдастыру (тіл дамыту)</p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Топта жағымды көңіл-күй, атмосфера қалыптастыру. Балалардың түрлі әрекеті іске асатын қызығушылықтар орталықтарын қауіпсіз, қолжетімді, қалдық материалдармен қамтамасыз ету.				
<b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b>	Дене тәрбиесі (маманның жоспары бойынша)	Дене тәрбиесі (маманның жоспары бойынша)	Дене тәрбиесі (маманның жоспары бойынша)	Дене тәрбиесі (маманның жоспары бойынша)	Дене тәрбиесі (маманның жоспары бойынша)

	Қазақ тілі (маманның жоспары бойынша)  Музыка (маманның жоспары бойынша)	Қазақ тілі (маманның жоспары бойынша)  Музыка (маманның жоспары бойынша)	Қазақ тілі (маманның жоспары бойынша)  Музыка (маманның жоспары бойынша)	Қазақ тілі (маманның жоспары бойынша)  Музыка (маманның жоспары бойынша)	Қазақ тілі (маманның жоспары бойынша)  Музыка (маманның жоспары бойынша)
<b>Серуенге дайындық</b>	3, 4, 5 жастағы балалардың киіну реттілігін бақылау, киімдерін дұрыс киюге үйрету. Аяқ киімін, бас киімін өз бетінше киюге баулу. Киімдерін ұқыпты жинауға, шкафтарын реттеуге дағдыландыру. Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы әңгімелесу. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)				
<b>Серуен</b>	Мамыр айына арналған серуен картотекасы (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)				
<b>Серуеннен оралу</b>	<b>3, 4, 5 жастағы балалармен</b> <b>Еңбек әрекеті:</b> Шешіну мәдениетін сақтау, киімдерін, аяқ киімдерін тазалау, серуенде қолданған заттарды орнына қою (дене тәрбиесі, математика негіздері, музыка)				
<b>Түскі ас</b>	<b>4 жастағы балалармен:</b> <b>Еңбек әрекеті:</b> Кезекшілік ұйымдастыру Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану. Тамақтану әдебін сақтау. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру) <b>3, 4 жастағы балалармен:</b> Бата беруді ұйымдастыру (тіл дамыту)				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<b>3, 4, 5 жастағы балалармен</b> Ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсініктерін кеңейту (тіл дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдау (музыка) Бесік жырын, ертегі айтып беру (тіл дамыту, көркем әдебиет)				
<b>Біртідеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<b>3, 4, 5 жастағы балалармен:</b> Жай әуен қосу. Ағзаны біртіндеп сергіту (дене тәрбиесі, музыка) <b>3, 4 жастағы балалармен</b> <b>Ойын әрекеті:</b> «Жел соқты» тыныс алу жаттығуларын орындау (дене тәрбиесі, математика негіздері) <b>5 жастағы балалармен</b> <b>Ойын әрекеті:</b> «Ізбен жүр» жалпақтабандылықтың алдын алу (дене тәрбиесі, музыка)				
<b>Бесін ас</b>	<b>5 жастағы балалармен:</b> <b>Еңбек әрекеті:</b> Кезекшілік ұйымдастыру Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс				

	қолдану. Тамақтану әдебін сақтау. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру ( <i>мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру</i> ) <b>3, 4 жастағы балалармен:</b> Бата беруді ұйымдастыру ( <i>тіл дамыту</i> )				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b>	<b>4 жастағы балалармен</b> <b>Кітап қарау:</b> Таныс ертегіні мазмұндау, кейіпкерлерді сипаттау ( <i>тіл дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі</i> ) <b>5 жастағы балалармен:</b> Сюжетті-рөлдік ойын «Отбасы» ( <i>тіл дамыту, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру</i> ) <b>3 жастағы балалармен:</b> Дербес әрекет: Пазл ойындары ( <i>тіл дамыту, математика негіздері, құрастыру</i> )	<b>5 жастағы балалармен:</b> <b>Шығармашылық әрекет:</b> «Саған қай кейіпкер ұнайды?» ( <i>сурет салу, мүсіндеу, жапсыру</i> ) <b>4 жастағы балалармен</b> <b>Дербес әрекет:</b> Лото ойындары ( <i>тіл дамыту, математика негіздері, құрастыру</i> ) <b>3 жастағы балалармен</b> <b>Ойын әрекеті:</b> Саусақ ойындары ( <i>математика негіздері, тіл дамыту</i> )	<b>5 жастағы балалармен</b> <b>Сюжетті-рөлдік ойын:</b> «Құрылысшы» ( <i>математика негіздері, тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру</i> ) <b>3 жастағы балалармен:</b> <b>Дербес әрекет:</b> Асық ойындары ( <i>қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі</i> ) <b>4 жастағы балалармен</b> <b>Музыкалық әрекет:</b> ән тыңдау, би қимылдарын жасау ( <i>музыка, тіл дамыту</i> )	<b>5 жастағы балалармен</b> <b>Танымдық әрекет:</b> «Ертегіні жалғастыр» ( <i>көркем әдебиет, тіл дамыту</i> ) <b>4 жастағы балалармен:</b> <b>Сюжетті-рөлдік ойын:</b> «Сән салоны» ( <i>жапсыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, тіл дамыту, қазақ тілі</i> ) <b>3 жастағы балалармен</b> <b>Ойын әрекеті:</b> Саусақ жаттығулары ( <i>дене тәрбиесі, математика негіздері, тіл дамыту</i> )	<b>4 жастағы балалармен</b> <b>Үстел үсті ойындары:</b> Түстер, жануарлар, мамандықтар лотосы ( <i>қоршаған әлеммен таныстыру, көркем әдебиет, тіл дамыту, математика негіздері</i> ) <b>3 жастағы балалармен:</b> <b>Танымдық әрекет:</b> «Не артық?» ( <i>математика негіздері, қазақ тілі, тіл дамыту</i> ) <b>5 жастағы балалармен</b> <b>Кітап қарау:</b> ертегілерді мазмұндау, қарапайым көріністерді ойнау ( <i>тіл дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі</i> )
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Жеке даму картасындағы балалармен жеке жұмыстарды атқару	Жеке даму картасындағы балалармен жеке жұмыстарды атқару	Жеке даму картасындағы балалармен жеке жұмыстарды атқару	Жеке даму картасындағы балалармен жеке жұмыстарды атқару	Жеке даму картасындағы балалармен жеке жұмыстарды атқару
<b>Серуенге дайындық</b>	<b>3, 4, 5 жастағы балалармен:</b> Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру				
<b>Серуен</b>	<b>3, 4, 5 жастағы балалармен:</b> Спорттық	<b>3, 4, 5 жастағы балалармен:</b> Ұлттық	<b>3, 4, 5 жастағы балалармен:</b> Спорттық	<b>3, 4, 5 жастағы балалармен:</b> Қимылды	<b>3, 4, 5 жастағы балалармен:</b> Қимылды

	ойын: «Велосипедшілер» (дене тәрбиесі, музыка)	ойын: «Ханталапай» (дене тәрбиесі, тіл дамыту)	ойын: «Хоккейші мен қақпашы» (дене тәрбиесі)	ойын: «Кім жылдам» (дене тәрбиесі, математика негіздері, музыка)	ойын: «Ақ серек пен көк серек» (дене тәрбиесі, қазақ тілі, музыка)
<b>Серуеннен оралу</b>	<b>3, 4, 5 жастағы балалармен:</b> Балаларды ұйымдасқан түрде топқа кіргізу. Киімді ретімен шешу және орнына қою. Қол жуу, тазалық сақтау. Серуен бойынша қысқаша әңгіме жүргізу (дене тәрбиесі, тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балалардың жеке заттарын жинастырып, киінуін қадағалау. Ата-анасына міндетті түрде тапсыру. Күндік қысқаша кері байланыс беру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу				

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>
1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557) бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008275>
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235>
4. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР ОМ 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329>
5. Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020708/history>
6. Аванесова В.Н. «Воспитание и обучение в разновозрастной группе». – М., 1979.
7. Доронова Т.Н. «Воспитание детей в малокомплектных дошкольных учреждениях». ж-л «Д/в» - 1984 - №2, с.46-50.
8. Минкина М.В. «Работа в разновозрастной группе д/с». – Минск, 1963.
9. Тимофеева Л.Л., Корнейчева Е.Е., Грачева Н.И. «Планирование образовательной деятельности с дошкольниками в режиме дня. Разновозрастная группа. Методическое пособие». М.: Центр педагогического образования, 2013

## МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Түрлі жас топтарында әрекет түрлерін ұйымдастыру	4
3	Түрлі жас топтарында балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың негізгі тәсілдері	5
4	Түрлі жас топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру	6
5	Түрлі жас топтарында тәрбие мен оқытудың нысандары мен құралдары	8
6	Түрлі жас топтарында дамытушы орта ұйымдастыруға қойылатын талаптар	11
7	Түрлі жас топтарында режимдік сәттерді ұйымдастыру	14
8	Түрлі жас топтарында ойын әрекетін ұйымдастыру	19
9	Қорытынды	23
10	Қосымша №1	25
11	Қосымша №2	37
12	Қолданылған әдебиеттер тізімі	42

*Разработаны на базе Института раннего развития детей  
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Методические рекомендации по организации воспитательно-образовательного процесса в разновозрастных группах: Методические рекомендации. – Астана, 2026. – 85стр.

**Рецензенты:**

Жиенбаева С. Н., профессор, д.п.н.

Озганбаева К.Т., заведующая

Такирова С.К., методист

В Методических рекомендациях рассматриваются организация воспитательно-образовательного процесса, режимных моментов и видов детской деятельности, основные подходы к организации воспитания и обучения, формы и средства воспитания и обучения, требования к созданию развивающей среды в разновозрастных группах.

Данные Методические рекомендации адресованы педагогам дошкольных организаций.

Рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МОН РК (протокол №6 от 25.05.2026 года).

Институт раннего развития детей, 2026 год

## ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Методические рекомендации разработаны с целью оказания методической помощи педагогам дошкольного воспитания и обучения в организации воспитательно-образовательного процесса в разновозрастных группах.

Необходимость разработки данных рекомендаций обусловлена современными тенденциями развития системы дошкольного воспитания и обучения, расширением вариативных форм образования, а также увеличением количества дошкольных организаций, в которых функционируют разновозрастные группы. В настоящее время такие группы организуются в дошкольных мини-центрах, семейных ясли-садах, ясли-садах, где объединение детей разного возраста является объективной необходимостью.

Разновозрастная группа представляет собой особую форму организации воспитательно-образовательного процесса, в которой одновременно воспитываются и обучаются дети, отличающиеся по возрасту, уровню физического развития, речевым, познавательным и социальным возможностям. Данная специфика требует от педагога профессиональной компетентности, умения организовать воспитательно-образовательную деятельность с учетом возрастных и индивидуальных особенностей воспитанников, обеспечивать преемственность содержания воспитания и обучения, создавать условия для полноценного развития каждого ребенка.

Разновозрастная группа как структурный компонент дошкольной организации осуществляет воспитательно-образовательный процесс в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом дошкольного воспитания и обучения (приказ МП РК от 3 августа 2022 года №348) (далее - Стандарт), который определяет требования к содержанию воспитательно-образовательного процесса с ориентиром на результаты воспитания и обучения, максимальному объему учебной нагрузки воспитанников, является основанием для создания развивающей среды.

Настоящие методические рекомендации разработаны в соответствии со Стандартом, Типовыми учебными планами (приказ МОН РК от 20 декабря 2012 года №557) (далее – Типовой план) и Типовой учебной программой дошкольного воспитания и обучения (приказ МОН РК от 12 августа 2016 года №499) (далее – Типовая программа). В рекомендациях раскрываются особенности организации деятельности, основные подходы к организации воспитания и обучения детей, планирования воспитательно-образовательной работы, построения развивающей среды, организации видов детской деятельности, режима дня.

Использование методических рекомендаций в деятельности дошкольных организаций поможет педагогам разновозрастных групп повысить эффективность воспитательно-образовательного процесса, сохраняя уникальность и ценность дошкольного детства.

## ОРГАНИЗАЦИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РАЗНОВОЗРАСТНОЙ ГРУППЫ

Деятельность разновозрастной группы в дошкольных организациях регулируется Типовыми правилами деятельности дошкольных организаций (приказ МП РК от 31 августа 2022 года №385) (далее – Типовые правила).

